

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

БӨРІЛІ БАЙРАҚ



«Биылдан бастап мектептерге «Қазақ елі» деген пән енгізіледі. Соның бірінші сабағын мен өткізіп отырмын. Бұл патриоттыққа тәрбиелейтін пән», деді Президент Нұрсұлтан Назарбаев 3 қыркүйек күні Астанадағы №64 мектеп-лицейде бір топ озат оқушылармен кездескенде. Атам заманнан бері бабаларымыз мына алып дала төсінде Қазақ елін құруды армандаған. Сол арман ғасырлар тоғысқан, мыңжылдықтар шектескен тұста жүзеге асты. Елорда төрінде асқақтаған мемлекеттілік монументі де «Қазақ елі» деп аталады. Жаңа уақыт жаңа сын-қатерлерді алға тосуда. Сол жолда біздің бәрімізге ауадай қажет қасиет – отаншылдық, патриотизм. Ел газеті «Егемен Қазақстан» «ҚАЗАҚ ЕЛІ» аталатын жаңа айдарды ашқанда оның аясында оқырман ойын отаншылдық рухта тәрбиелеуге септесетін мақала, эссе, сұхбаттарды жариялауды көздеп отыр. Қазақ бірлігін жырлаудай жырлап өткен атақты ақынымыз Сүйінбай жайындағы эссе – жаңа айдардың басы.

Ол – Отанының намысы мен рухы үшін жанын пидә етуге әзір санаулылардың санатынан болатын.

Ол – намысын қалғытпаған, рухын таптатпаған, қалың қолға жалғыз шапқан жаужүректердің қатарынан болатын.

Ол – жаманға жалынбаған, жақсыға табынбаған, өзгеше жаратылған, Дешті-Қыпшақ даласында еркін жортқан жалғыздардың тұяғынан болатын.

Ол – бітімі бөлек, ойы дара, ниеті ақ асылдардан болатын.

Ол – ұлы жырау Сүйінбай Аронұлы бабамыз еді.

ЖЫРАУЛАР жырлаған сертті сөздер Дешті-Қыпшақ даласының ар-ұжданы, қасиет борышы болып өмір кешкеніне ықылым замандар өткен.

Обал, Сауап, Борыш, Тағылым, Тағзым салтанат құрған, қазақ даласының мамыражай кезі де көзден де, көңілден де ұшып кетіп жоғалған.

Дала цивилизациясы өркен жайған ғасырлар келмеске кеткен.

Қазақ халқын тобыр деп кемсіткен XIX ғасыр Дешті-Қыпшақ даласына кәпір боп ентелей енген. Қазақтың ар-намысын қорлап, әні мен жырына тосқауыл қоймаққа әрекет жасауларын бір тоқтатпаған өткендегі Ресей патшалығы, кейінгі Кеңес өкіметі, бүгінгі Ресей мемлекетінің көздегені бесенеден белгілі болатын.

Даласына ентелей енген сарысақалдыларды күтіп қана тұрғандай, қазақ ортасынан ойылып бір төбе озбыр сатқындар бой көтерген. Қазақ елінің арқасына тізе батырған, намысын талқандаған, ру тартысын үдеткен, бір руды бір руға қарсы қойып, барымтаға баулыған, араздық пен жаулықтың таусылмас отын маздатып жаққан сол озбыр сатқындар, ел билеуші мансапқорлар, өзімшіл ақымақтар, дүмше молдалар болатын.

Жер-жаһанды ауыздарында Құдай, қолдарында тапаншалары бар бөлек нәсіл басып келе жатқан. Сол ерекше нәсілге, қазақ ортасынан шыққан озбыр сатқындар да еркін қосылып жүре берген. Оларда ұлт жоқ. Тіл жоқ. Олар қорқау құсап бір-бірін көздерінен ұғатын. Бір-бірін ымдарынан танытын. Олар өткен жерде түк қалмайтын. Өйткені, нені болса да түгімен жұтып жүре беруге дағдыланған. Ақырзаманның 21 белгісі болса, соның бірі осы озбыр-сатқындар болатын. Пәтуға келмейтін, бойларына мейірім қонбаған қанқұйлы, өзімшіл топ, жер-жаһанда ғұмыр кешіп жатқан адамзаттың атаусыз жауы еді.

Қазақ даласын қандалаша сорған сол бассыздарға, өткеннің өршіл жырауларының сарқытындай болған Сүйінбай жырау жырдың алмас қылышындай жарқылдап қарсы шапқан.

Ел қадірін білмейсің,
Төремін деп мастанып,
Бұқараңа қас қылдың.
Жарлының ұрлап жалғызын,
Шығармай қырға аш қылдың.

Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың.
Ұры, қары, залымның
Жаныңа бәрін жиыпсың.
Жанға жауап бермейтін,
Дүлей-мылқау сияқты
Қиял-мінез тұйықсың.
Дүниені жұтса тоймайтын,
Түпсіз жатқан ұйықсың.
Қадірің жоқ халыққа,
Аққан судай сұйықсың.
Судан да сусын қанады,
Оппа балшық сықылды,
Жұтқыш ылай былықсың!

ТЕЗЕК төре Ұлы жүздің ХІХ ғасырдағы белді аға сұлтаны, Абылай ханның тума ұрпағы еді. Ұлы жүзді ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда ұстаймын деп дүркіреген төренің өзі болатын. Ол үшін халықтың мұқтажы да, мұңы да түкке тұрмайтын. Бұл Тезек төренің ғана саясаты емес, қазақ даласындағы барлық жуан жұдырықтардың әрекеті болатын. Өз халқын өзі жейтін, жәбір көрсететін алпауыттар еді. Солардың сатқындығы мен қатыгез һарамдығының кесірінен асқан білім иесі Шоқан Уәлиханов аға сұлтандыққа өте алмады. Қазақ ортасына Шоканның керегі болмады. Қазақтарды өз топастары басқаруы керек болатын.

Хан Тезек, байлығыңа бас ұрмаймын,
Мен бірақ көргенімді жасырмаймын,
Шын дертім ұстап кетсе айнымалы,
Басымнан ұшқан құсты асырмаймын,
Төресің қанды қанға құйып жүрген.
Құдай сүйер бойыңда қылығың жоқ,
Қазаққа қайтіп басың сыйып жүрген.
Албан, дулат, шапырашты ел емес пе,
Ел деген шалқып жатқан көл емес пе!
Көл толқыса көбігін кетер басып,
Төре сайтан болғанда, көк періште –
Бір сайтанды қаққан да пері емес пе?!

Бұл Қазақ даласына Ресей патшасы мен Қоқан хандығы бірге иелік еткен кез еді. Қоқан хандығы қазақтар мен қырғыздарды жиырма жыл бойы қорлықта ұстады. Қазақтың озбыр сатқындары сол кезде де, халықтың рухын жаншып, қазақты құлшылыққа, көнбістікке шақырған. Қоқан хандығын біз жеңе алмаймыз деп екіжүзділік пен опасыздыққа белшесінен батқан ел басылары дәрменсіздік көрсеткен.

ЖЕТІСУ елінің рухы мен намысын айбарлата көтерген Сүйінбай жырау болатын. Батыс өлкеде өлмес Махамбет бар еді.

Талай ақындар сарай төңірегінен әрі аспаған. Сонан да олардың есімдері ел есінде қалмаған. Жұртын сатып билік басындағылардың құйыршығы болған ақын ақын ба екен? Ол бейбақтар қанша кеуіп-піссе де сайтан ғой.

Елінің жүрегін ерлері ғана елжіретеді.
Солар ғана рухын тіктейді.
Шапырашты туының астында Сүйінбай баба жыр жүгіртеді.
Ұран жыр.
Егес жыр.

Отанын ардақтаған намыс жыры.

Опасыздық пен екіжүзділікке қарсы жүзі қайырылмайтын алмас жыр.

Бөрілі байрақ астында

Бөгеліп көрген жан емен.

Бөрідей жортып кеткенде

Бөлініп қалған жан емен

Жау тисе жаһан далада,

Бөрілі найза атамыз.

Қарасайлап шабамыз

Қызыл қанға батамыз.

Бөрілі байрақ астында

Ту түсіріп жау алған

Қазыбек, Қастек атамыз.

Дәл осы ұран жыр қазақ батырларының көзсіз ерлігін Отанға деген шексіз адалдығы мен махаббатын жырлаған асқақ реквием.

Жоңғар басқыншыларын Жоңғар қақпасына тығып, Дешті-Қыпшақ елін жаудан азат еткенде:

Беліне садақ байланып,

Алмас қылыш асынған.

Қол үзілмей қасынан,

Дулыға кетпей басынан,

Кұрсанған жаудың әскерін

Қуып еді Қарасай

Жоңғардың қақпа тасынан, – деп Сүйінбай бабамыз тағы бір жасын жырын төгіп еді-ау!

Жоңғар басқыншыларын талқандаған қазақ батырларының қалың бір легін асау жырына қосқан.

Қайран қасиетті батырлар-ай!.. Біз сіздердің рухтарыңызды еске алдық; Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Олжабай, Арқалық, Райымбек, Жетіген бабаларымыздың аруақтарына бас идік.

Ата-баба жерін жау атының табаны таптағанда намысқа басқан батырлар тізе тіресіп жауға қарсы шапқан, Дешті-Қыпшақ даласында тұңғыш рет қазақ қазақ болғалы батырлары бас қосқаны осы еді.

АДАМ жер-жаһанға адамға жақсылық жасау үшін, жан-жүрегіне мейірім, сүйіспеншілік, махаббат отын жағу үшін келген. Адамда онан өзге миссия жоқ. Бұл дүниені сақтайтын сұлулық қана екенін түркі жыраулары сонау қадым ғасырларда жырлап кеткен.

Заман, заман дегенде,

Заманға қожа Адам ғой.

Наразы болсаң заманға

Бар кінәні соған қой,

дейді ХІХ ғасырда Сүйінбай жырау.

Мынау ХХІ ғасырда да Адамның Адам болып қалуы басты жаһан сұрағы. Дұрысы тілегі болар.

Сүйінбай бабамыздың еркін, асқақ жырларына, ой мен философияға толы толғау сарындары өзгеше өң береді. Өмірінің соңында Алып таудың бөктерінде коныс теуіп, жалғыздық атты әлемге еркін енген кезінде, терең тынысты ой қатпарлары өлеңдеріне ерекше мән-мағына артады. Ақынның қызғанышы жоқ, өкпесі жоқ, наз бен بازیна ғана бар ыстық жүрегінің ықыласты тілеуі халқының бақытына бойсұнады. Оның ендігі арманы, қазақ халқының кең тыныс алып, бақытқа қол жеткізуі ғана. Ақын көңілінде өзге ниет те жоқ болатын.

Сүйінбай тағдыры – жыры, жыры – тағдыры болып дүние кешкен; сол Сүйінбай Дешті-Қыпшақтың сайыпқыран жырауларының топ жарған үркердей тобынан болатын. Бұлардың тағдыры, бәйге атының ғұмырындай қуаныш пен қайғыға, бәсеке мен ерлікке, егес пен мейірімге толы еді. Бұлардың өмірі байлық пен мерекеге толы болды деп ешкім айта алмас. Әлемнің озық өнер адамдарының арасында дәулеті өзіне де, өзгеге де жеткен тұлғалар саусақпен санарлық қана. Лев Толстой, Абай, одан әрі ойлануға тура келеді. Бірақ, сол ғажайып жаны бай, ниеті өлшеусіз, арманы аласармаған тұлғалар алыптар тобынан болатын.

Ақын боп, жиырмада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.
Отыз асып, қырыққа келгенімде
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырықтан асып, елуге келгенімде
Қамысты, түбі терең көлдей болдым.

Өршіл жырау Сүйінбай сексенге келген шағында да, санасы сергектігінен, жаны жомарттығынан, жүрегі қызу қанды жырынан ажырамаған.

АЙТЫС өнерінің алтын дінгегі Сүйінбай деп толғанған Мұхтар Әуезовтің сөзі кәусар судай шындықпен суарылған. Қырғыз ақыны Қатаған мен Сүйінбайдың айтысы ХІХ ғасырдағы ірі, мәні жоғары, ойы терең, арманы биік айтыстар қатарына жатады.

Қатаған қырғыздың бай-манаптарын, хандарын мақтайды. Сүйінбай болса, қашанда адам жағында, оның жыр алаңы адам, адамның жүрегі мен жаны... Ең терең сыр, ең баға жетпес шындық алаңы адамның ішкі ойы, қалтарыс қалысы, тылсым қозғалысы, сана тебіренісі.

Сүйінбай жыры өзгеше қиырға анталайды, жыр өрнегі адамгершілік, ынтымақ, махаббат. Рух биіктігі. Адалдық кеңдігі.

Бәйге атындай көсілсем
Көре алмассың шаңымды.
Қызып тұрған темірге
Қатаған келіп қарылды.
Менен қашан алып ең
Кегің менен арыңды.
Қабағын шытса Сүйінбай,
Тарту қылып бересің
Қойнындағы жарыңды.
Сүйінбайдай бұлбұлды
Жеңемін деп ойлайсың,
Ажалы жеткен торғайсың.
Барың болса қарышта
Аспандағы жұлдызға
Қол созба десең, болмайсың!

Қазақ халқының бойындағы қадір-қасиетті гуманистік кредоны Сүйінбай бабам жырлайды-ай келіп!.. Бір тұсын ғана келтірейікші.

Анау жатқан – арғыным,
Арғыным атқа қонғанда,
Басыңнан аттап қарғыдым.
Арғын деген сансыз ел,
Мекен еткен қоныс қып,
Дүниенің жарымын.
Ешкім басып көрген жоқ
Бұлардың қарқын, арынын!
Жерге кіріп кетерсің,

Олардың бассаң тамырын.

Осы бір үлкен, кең тынысты айтыста Сүйінбай қазақ деген халқының мейірімді көңілі, адамгершілікке толы жүрек жылуымен мақтанады.

Соншама алып жерге ие болған, батыр халқының кеңдігі мен биіктігін сөз етеді. Үш жүздің әр руы мен әр ауылының сырға толы, батырлыққа толы өмір тынысын саралайды. Елдік пен бірлікке толы қазақ ғұрпын қырғыздың алдына тартады. Ал отауы бар, Ыстықкөлі бар, ержүрек қырғыз халқы, қазақ жырауы Сүйінбайдың адалдық пен алғырлыққа, ең бастысы ақиқатты екі ел алдына тартқан санасына риза болады. Отты жырына алғысын білдіреді.

Қазақ халқының бойындағы адалдықты, адамдықты Сүйінбайдай жырлаған жыршы аз. Сүйінбайдың сөздері ертедегі грек философтарының теңдессіз дария ақыл ойларымен ұштасып жатады. Сүйінбайдың сөздері қарапайым, ал сол сөздердің қалқаны болған ойлары қандай кең, биік.

Еш адам баласына қастық ойламаған халық көрдіңіз бе?

Еш халықтың бостандығына қаһар төндірмеген халық көрдіңіз бе?

Өзгенің жерін жауламаған, жесірін қорламаған халық көрдіңіз бе? Көрген жоқпысыз?!

Онда көріңіз!

Ол – қазақ халқы!

МЕЙІЗ сұлуды, екі тазыны, бір бүркітті, алтын бесікті қырғыз-қазақтың айтулы айтысында ұтқан Сүйінбай Ыстықкөлі жағалап Алатауға бет бұрған.

Сол кезде сұлу Мейіз қыз:

– Көгілдір көлдің шетіне жеттік. Енді қазақтың елі мен жеріне аяқ тірейміз. Ыстықкөліммен қоштасайын, – деп тілек айтады.

Сүйінбай бастаған топ тоқтайды. Ыстықкөлдің салқын көгілдір суына жұрт беті-қолдарын жуады. Көбі жалаңаштанып алып суға секіреді. Көл жағасына қой сойылып, ас көтеріледі.

Сүйінбай Мейіз сұлуды шақыртқанда, жас қыз ұяла басып, атакты жыраудың қасына тақап келіп, тізесін иіп, басын төмен салады. Бұл тәрбие көрген жастың инабатты ізеті болатын. Мейіз басын әнтек көтергенде жырау жас сұлуға риза көңілмен сүйсіне қарайды. Қыздың аласы мол үлкен қара көзіндегі үйірілген мұңды, көз жасынан сәл ісіңкіреген оң қабағын жырау байқап қалады. Туған жермен қоштасу, өзге бөтен елге мәңгіге сапар шегу, белгісіз қазақ жырауына үшінші ме, төртінші ме қатын болу өрімдей қызға ауыр сынақ болатын. Мейіздің жол бойы басы қатқан, не істеуге білмей дал болып ат үстінде құр сұлбесі келе жатыр еді.

Сүйінбай жырау қасына ерген топтың барлығын дастарқан басына шақырады. Мейіз сұлуға қасынан орын береді.

– Ыстықкөлдің жағасында қырғыз елімен қоштасып отырмын. Екі елдің араздасқан, өкпелескен кезі ұзақ ғұмырда аз болмаса керек, бірақ біздер ешқашан жауласқан емеспіз, – деп Сүйінбай сөз бастады. – Жаны бір, ниеті бір, тілегі бір түрік тілдес егіз халықпыз. Кезінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрік деген бөлісу болмаған. Дешті-Қыпшақ даласын түркі тілдес қабырғалы ел жайлаған. Біздің даланың төрімен Жібек жолы өткен. Жібек жолы – біз үшін мәдениет жолы, салт-дәстүр жолы, бәріміз үшін өмір жолы болып саналған. Жібек жолы – Дешті-Қыпшақ даласының қызыл қаны жүйткіген күретамыры болатын. Біз соны ұмытпауымыз керек. Мейізжан, күндей күлкіңнен айналдым, мен бастаған аз ғана қолдың көшінің сәнін сенің шолпыңның сылдыры келтіргенін тірімде ұмытпаспын. Аз күнгі сапарда бізді күн болып шуағыңа бөлеп жадыраттың, ай болып алысты жақындатып, жолымызды сәулеге толтырдың, Мейізжан. Мен саған бостандық сыйладым, еліңе орал, сұлу қыз. Сенің ендігі атақ-абыройың қырғыздың сұлуы, Сүйінбайдың қарындасы болсын, Мейізжан!

Нағыз Жырау, нағыз Адам Сүйінбай Мейізді құшағына басып, қара жорға атқа отырғызып, еліне қарай шығарып салады.

Ойхой, қара жорғаның туған елге қарай ұмтылғаны-ай! Аппақ жібек көйлек, қырмызы көкірекше киіп, жорға үстінде тіп-тік отырған Мейіз сұлудың шолпысының сылдырының үні-ай...

Көгілдір Шолпаната беліне қарай асыға ұмтылған қырғыздың қара жорғасы, аппақ көйлекті, қырмызы көкірекшелі асқан сұлу Мейізі, оның күміс шолпысының сылдыры... Көгілдір әлемді теңселткен неткен сурет, Құдай-ау! Неткен ғажайып бейне?! Қайталанбас қайтып келмес, сиқыр сурет!..

Дешті-Қыпшақ даласының ең соңғы озық жыршысы Сүйінбай сол суретке қимай қадала қарап қалып еді!..

БАТЫР елдің бағы. Ақын мен Батыр тумаған ел жетім. Ақын мен Батыр тумаған Ана жатыры көк тулақ.

Қай халық та батыр жаратылған ұл-қыздарын ардақ тұтқан. Ел амандығы үшін, жер амандығы үшін солардың тілеуін тілеген.

«Өтеген батыр» дастанында Сүйінбай былай толғайды:

Батырды халық сағынып,
Қайғы, уайым жамылып,
Жаудан көріп зорлықты
Тар кешу, қиын жылдарға
Жетісу елі жолықты.
Қара күн туған көп халық
Шабуылдан зарықты.
Көз жетпей сәуле, жарыққа,
Уайым мен опық жеп,
Тебінгі деп тер кеппей,
Күнде аттанып жорыққа,
Қиналған қамсыз халықтың
Тілегі батыр болыпты.

Дала цивилизациясының иелері түркілердің басынан бақ тайған соң-ақ, Дешті-Қыпшақ даласын әуелі жоңғарлар, сонан соң, Ресей мен Қоқан хандығы талан-таражға түсірген. Өтеген батыр туралы дастан жоңғар басқыншыларымен болған қанды ұрыстарды жыр етеді. Бұл дастан – қазақтың өз дербестігін қорғаған қаһармандық күрес жыры; өжет ерлік жыры.

Туған Отанның азаттығы мен еркіндігін сақтау үшін Өтеген батыр жанын салады. Бұл дастан қазақ батырлары туралы жырлардың шоқтығы биік көркем үлгісі. Қазақ елінің батыры мен ақынының үндескен, үйлескен кезінің ерекше айқын көрінісі.

Өтеген батыр қанды ұрыс кезінде де, жоңғар басқыншыларын қирата жеңіп жоңғар қақпасына қайтып тыққан тұста да, ұзақ жылдар батырлар белдерінен қылышын шешпей, қолдарынан найзасын түсірмей аласұрған қанды балақ кезең кейінге қалып, Абылайдың ақ туы қазақ топырағының көгінде желбіреген тұста да, өз халқы үшін жанына жайлы, малына мекен, шаруасына берекелі жер іздеуден бір талмайды.

Дешті-Қыпшақ даласының ең соңғы дауылпаз ақыны Сүйінбай бабамыз болатын. Дәл осы бағаны Жетісудың жырауына ертеде-ақ мәпелеп атау керек еді.

Сүйінбай баба туралы реквием-сыр күйзеліп келіп көмбесіне жетті.

Тарлан таланттардың бағы да, соры да туған халқы туралы шерменде ой ғой. Олар халықтың ары мен бақыты үшін күресуге туған. Бастарын сол үшін бәйгеге тіккен.

Бұл ұмтылыстардың иесі – Алла.

Орындаушысы – Тұлға.

Жауапкері – халық.

Сол халық мәңгі жасасын! Сүйінбай бабам туралы бұл реквиеммақаланы Семейде Ертістің жағасында, Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтардың елінде жазып бітірдім-ау. Бір жазғанымды Алатаудың биігінде жоғалтып едім. Әлде қолды болды ма?.. Әлде шуылдаған көп қатынның қолында кетті ме?.. Әлде Сүйекең менен, мен Сүйекеңнен адасып қалдым ба, кім білсін?!

Ұлы бабаларыма менің қай жерде, қай елде, қай тұста ақ қағазға соңғы нүкте қойғанымның түкке керегі де болмас.

Бар даусымен таймай ақиқатты айтқан адам ғана өмірді сүйе алады.

Соның бірі – қазақ жырауы Сүйінбай бабам болатын. Сүйекең қазағының бақытын көздеп, намысын тіктеп баққан. Ал сол қазақ, қазыналы жырау Сүйінбайды біле ме екен?!

Сүйінбайдай асылын Дешті-Қыпшақ даласында өзге жұрт түгілі, өз жұрты түстеп тани алмады-ау, сол қасиетіміздің аһ ұрған арманды жырларын қазақ шіркін жүрегіне сіңдіре де алмады-ау, деп жалғыздық тұғырында ой соққы болып күн кешкен –

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ